

Айжанның мамандығы - оның мақтанышы!



2-бет

Лагердегі саяхат



5-бет

Дәрігерлермен кездесу



5-бет

Аудан тынысы

№ 51 (560) ЖҰМА, 19 маусым 2015 жыл

2010 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Құттықтаймыз!

Әр адам өз өмір жолында ақ халатты абзал жандармен кездесіп, олардың ыстық ықыласы мен алақандарын сезінеді. Бұның бәрін медицина қызметкерлері ғана бере алады. Олардың көмегімен тоқтаған жүрек қайта соғып, үзілген үмітімізді қайта жалғауға өз септігін тигізеді. Осы ақ халатты абзал жандарды төл мерекелерімен құттықтап, бар жақсылықты тілейміз!!!
Денсаулық - адам үшін баға жетпес байлық. Бұл күн құрмет пен алғысқа бөленген, қай кезде болмасын әрдайым сенімділікті сақтайтын, асқан шеберліктің иесі ақ халатты абзал жандардың мерекесі. Медицина кәсібі- адамгершіліктің асылы, сондықтан ауданымызда осы салаға үлесін қосып жүрген барлық медицина қызметкерлеріне бақыт, еңбекте табыс, төзімділік пен күш қайрат және отбасыларына береке тілейміз!

Г. АКУЛОВ,
Бородулиха ауданының әкімі
У. МАИЖАНОВ,
аудандық мәслихат хатшысы



Тағайындаулар

СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНА ЖАҢА ӘКІМ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметовтың өкімімен Семей қаласының әкімі болып **Сәлімов Ермак Бидахметұлы** тағайындалды.

Өңір халқына жаңа басшыны облыс әкімі Даниал Ахметов таныстырды.

– Семейге деген ықыласым ерекше. Алдымызда қала дамуына тың серпін беру міндеті тұр. Бұл бағытта бірқатар жоспарлар бар. Тәжірибесі мол Ермак Бидахметұлы – білікті басшы. Қалалық әкімдік жаңа әкімімен бірге аймақ әлеуетін барынша арттырады деген сенімдемін, – деді Д.Ахметов. Ермак Сәлімов 1957 жылы ШҚО Күршім ауданында дүниеге келген. 1981 жылы Қазақ политехникалық институтын тау инженер-маркшейдер мамандығы бойынша тәмамдап, 2001 жылы Қазақ мемлекеттік заң академиясын құқықтану мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын ШҚО Глубокое ауданы Ертіс полиметалды комбинатының Березовский кенішінде жерасты таулы шахтаның шебері болып бастаған. 1994 жылға дейін бас инженердің орынбасары, участок басшысы, Ертіс полиметалды комбинаты Ертіс кеніші партия бюросының хатшысы қызметтерін атқарған. 1994-2008 жылдар аралығында Глубокое ауданы әкімінің орынбасары, кейін облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы, Риддер қаласының әкімі, Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары болып жұмыс атқарған. 2010 жылдың маусым айынан бастап Зырян ауданының әкімі қызметінде.

Ал бұған дейін Семей қаласын 2011 жылдың қаңтар айынан бастап Кәрімов Айбек Мұталапханұлы басқарған болатын.

ШҚО-ДА ЗЫРЯН АУДАНЫНЫҢ БАСШЫСЫ АУЫСТЫ

ШҚО-да Зырян ауданының басшысы ауысты Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметовтың өкімімен Зырян ауданының әкімі болып **Кәрімов Айбек Мұталапханұлы** тағайындалды.

Айбек Кәрімов Семей қаласын 2011 жылдың қаңтар айынан бері басқарған. Семей қаласына басшылық етпей тұрып Аягөз, Тарбағатай, Шемонаиха аудандарының әкімі, облыс әкімінің орынбасары қызметтерін атқарған.

– Зырян ауданының аграрлы секторы мен өнеркәсіптік саладағы әлеуеті жоғары. Аталмыш ауданға басшылық еткелі отырған Айбек Кәрімовтың тәжірибесі мол. Ауданды барлық салада дамыту бойынша жүктелген тапсырмалар табысты жүзеге асырылатынына сенімдімін, – деді Д.Ахметов.

Ал осы уақытқа дейін Зырян ауданын басқарған Ермак Сәлімов Семей қаласының әкімі болып тағайындалды

Адам жанының шипагері

Маусым айының әрбір үшінші демалыс күні елімізде дәрігерлердің төл мерекесі аталып өтеді. Мемлекеттің алдыңғы қатарлы елдерге жетуі үшін көпсалалы дамуды талап ететіні белгілі. Соның негізгілерінің бірі – медицина саласы. Дені сау халқы бар мемлекет қана алға қойған мақсатына жете бермек. Елімізде осы 23 жыл ішінде халқымыздың денсаулығын жақсарту үшін жасалып жатқан шаралар көп. Соның ішіндегі ең елеулісі «Саламатты Қазақстан» бағдарламасы. Осы мереке қарсаңында Бородулиха аудандық ауруханасының бас дәрігері, аудандық мәслихаттың Бородулиха ауылдық округі бойынша бірнеше шақырылымының депутаты Үміт Мұса-оғлы Эфендиевпен жолығып сұхбаттасқан едік. Өз кәсібін жете меңгерген Эфендиев Үміт Мұсаұлының өз ісіне нық, моральдық, этикалық, адамгершілік қабілетін, оның өз мамандығына байланысты қоғам, халық алдындағы борышы, ауру адамдарға, өз әріптестеріне, науқас адамдардың туыс-туғандарына деген қарым-қатынасы, кәсіптік өсу жолдары, өз жұмыстарын сырқат адамдардың мүдделеріне сәйкес ұйымдастыру сияқты өте маңызды мәселелерді шешетінін жақсы білеміз.

– «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы туралы, оның біздің өңірдегі іске асырылуы туралы әңгімелеп берсеңіз.

– «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарына халық арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, тұрғындардың денсаулықтарын нығайту мен қорғау, дамыту және аурулардың алдын алу шараларын жүргізу жатады.

Бүгінгі күні Қазақстанда ауру-сырқау мен өлім-жітімнің негізгі себепшісі – созылмалы жұқпалы емес аурулар. Көптеген қауіп-қатер факторлары адамның мінез-құлқынан, өмір салтынан пайда болады. Ауру-сырқау деңгейін тек дәрілік заттарды және де күрделі емдеу әдістерін қолданып қана төмендетпейді. Салауатты өмір салтын түбегейлі ұстануда өзіндік әрекет жасау керектігін де ескеру қажет. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында бірталай шаралар атқарды.

Қысқаша айтқанда, аурудың туындауы мен даму себептерін жоюға, денсаулықты сақтау мен нығайтуға бағытталған алғашқы профилактикалық, әрі денсаулық сақтаудың бастапқы тізбегінде пациенттерге көрсетілетін медициналық алдын алу қызметінің топтық кеңес беру түрі.

Бұндағы мақсат – халыққа салауатты өмір салты дағдыларын үйрету, пациенттердің ауру дамытатын мінез-құлық қауіп факторларының алдын алу, оны жеңуге бағытталған мақсатты

әрекеттерді іске асыру дағдыларын үйрету, өздерінің денсаулығына қатысты мәселелері бойынша біліктілерін көтеру және өздерінің өмірі мен маңайындағы жағдайды дербес түрде өзгерте алу қабілеттерін бойларына сіңіру.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында ауданымыздағы медицина саласында бірталай шараларды атқарылып жатқаны аудан жұртшылығына мәлім.



Енді аудандағы медицина саласының жұмыстары жайында толықтай айта кетсеңіз

– Қазіргі таңда Бородулиха ауданының медициналық бірлестігі қырық мыңға жуық аудан тұрғындарына қалтқысыз қызмет етеді. Медициналық бірлестік құрамында үш стационар бар. Олар Жезкент кентінде, Бородулиха ауылында сонымен қатар Жаңа Шүлбі ауылында орналасқан. Ауданда 13 дәрігерлік амбулатория, 20 медициналық пункт бар. Барлығы бес жүзге жуық адам жұмыс атқарады. Медициналық қызметтің сапасы мамандарға тікелей байланысты екені рас. Жақсы мамансыз, білікті дәрігерсіз науқастарды емдеп, жазып, денсаулық сақтауға байланысты мемлекеттің алға қойған бағдарламасын іске асыру мүмкін емес. Соңғы үш жыл ішінде қатарымыз 15 жас маманмен толығып, хирург педиатр т.б. мамандар адамдарға қалтқысыз қызмет атқарып жатыр. Бүгінде олар өте жақсы мамандар болып қалыптасты. Барлығы да Семей мемлекеттік медициналық университетінің түлектері.

Медицина күні қарсаңында барлық медицина қызметкерлерін келе жатқан мерекелерімен құттықтаймыз. «Дәрігер ауруға өзінің білгенін қана бермейді, ол сонымен қатар өзінің жақсы ішкі сезімдерінің қимылын, тілектестігін, және жүректі білетін сезімталдылығын береді» деп ғалымдарымыз айтқандай, осындай ақ халатты абзал жандардың жанұяларына бақыт, өмірлеріне шаттық, мықты денсаулық тілейміз.

М.БАЛАБАЙҚЫЗЫ

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

ЖҰРТ АЛҒЫСЫН АРҚАЛАҒАН ДӘРІГЕР



“Бородулиха ауданының ауруханаларына бұдан бірнеше жыл бұрын онға жуық «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша жас мамандар қызметке келген еді. Міне осындай «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында келген жастардың бірі -хирургия бөлімінде еңбек жолын алғаш дәрігер, енді осы бөлімнің бас дәрігері болып істейтін Нүрекенов Олжас Зейноллаұлы. Олжас Зейноллаұлы өзінің жұбайы Рушангүлмен бірге Семей қаласындағы медицина Академиясын бірге бітірді. Үлкен мен кішіге, адамзаттың бәріне көмек қолын созып, жанын қоярға жер таптырмай азаптаған ауруынан айықтырып, жанына дауа, тәніне шипа болардай ем беріп, науқастың алғысын арқалап жүрген жас та болса бас болып жүрген Бородулиха аудандық ауруханасының дәрігері Олжас Зейноллаұлымен төл мерекелері қарсаңында кездесіп, сұхбаттасудың сәті түсті.

Олжас Зейноллаұлы Семей облысының шетіндегі «Прииртышская» ауылында дүниеге келген. Әкесі Зейнолла Гайнуллаұлымен анасы Нурфига Закиқызы өмір бойы ұстаз болып жемісті еңбек етіп, қазір құрметті демалысқа шыққан ардақты жандар. Туған жерінде мектепті бітірген жас бозбала Семей Мемлекеттік Медицина институтына оқуға түседі. Өзінің жүрек қалаған мамандығын таңдаған ол медицинаның қыр-сырын үйренуде ұстаздарының ізінен қалмай, ұзақты күн кітапханаларда отырып, білімін шыңдай жүріп жоғары білімді хирург дәрігер мамандығын алып шығып, 2010 жылы Бородулиха ауданының орталық ауруханасына дәрігер болып қабылданып, бүгінге дейін 5 жыл халықтың алғысына бөленіп келеді. Алғаш еңбек жолын бастаған жас маманның аздап жүрексініп, қобалжығаны да рас. Сондай сәттерде оның жанына демеу болып, бар білгенін үйретіп, өз тәжірибесімен бөлісіп, ақылын айтып, көңіліне сүйеу болған ұстаздарының бірі аудандық аурухананың бас дәрігері Үмүд Мұсаұлы Эфендиевтің еңбегі зор. Оның алдында өзін әлі күнге шәкірт сезінеді. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» демекші, жақсы ұстаздың алдынан өткен шәкірт өзін әрқашан бақытты сезінеді. Ертелі-кеш ел мен халықтың денсаулығын қорғап, тынымсыз еңбек етіп, жанға дауа қылып, жүрекке жылу құйып жүрген абзал жандарға айтылар алғыстар да шексіз. Міне, осындай ақ халатты абзал дәрігерлер Бородулиха ауылына келгендеріне еш өкінбейді. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында мемлекет тарапынан жаңадан келгенде үй алуға көмек алды. Бүгінгі таңда Жұбайы Рушангүлмен Дана және Дина атты сүйкімді қос қыздарын тәрбиелеп отырған жарасымды жанұя. Үлкендері Дана аудан орталығындағы балабақшаға барса, Диналары әлі кішкентай 1 жаста ғана. Жұбайы Рушангүл де осы мекеменің балалар босандыратын бөлімінде дәрігер болып қызмет атқарса, қазір кішкентайлары Динамен кезекті демалыста отыр. Иә, дәрігерлік кәсіп – бұл ең адамгершілік іс, сонымен қатар өте жауапты мамандық. Дәрігер болу үшін бейімділік, икемділік, қабілеттілік, ауру адамның сенімін ала білуі, ол адамды өзінің ауруымен күрестіре білуі керек. Жас болса да, өз ісіне, өз жұмысына берік Олжас тек аудан жұртшылығына емес, сондай-ақ өзі жұмыс жасайтын мекеме ішінде абыройлы, әріптестеріне сыйлы жан.

Ал, ауданның бас дәрігері Үміт Мұса-оғлы Эфендиевтен сұрағанымызда, “біз ауданға келген жас мамандарға жағдайымыз келгенше көмектесіп, ұжымға келген жастарды үйретіп жатырмыз. Әрине келген жастарды шамамыз келгенше тәрбиелеп, баспанамен қамтамасыз етуге, оларға тиісті жағдай жасауға көмек көрсетеміз дейді. «Жас келсе іске демекші», біз хирургия бөліміне бас сұққанда дәрігерлер ота жасайтын жерде болып шықты. Мұнда әртүрлі аурулар емделеді. Тосыннан болған жағдайдан түскендер, күйіктен болған жағдайлар, ең көп кездесетін соқырішек, балаларды сүндетке отырғызу рәсімдерімен қатар, аурулардың сауығып кетуіне жағдай жасаған ақ халатты абзал жандар ота жасап, өздерінің біліктілігін танытып жүр. Лайықты ізбасары бар дәрігерлер әулеті өңіріміздің игілі үшін өздері қолдан келген шипалы шапағаттарын шашуда. Мұндай адам жанының арашасы болған ақ халатты абзал жандардың еңбектеріне жеміс, жанұяларына жақсылық тілейміз.

М.АТАЕВА

Мерекелеріңізбен!

ҚҰРМЕТТІ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МЕН АРДАГЕРЛЕРІ! СІЗДЕРДІ КЕЛЕ ЖАТҚАН КӘСІБИ МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗ – ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!

Полицияда қызмет істеу – маңызды, әрі жауапкершілігі мол жұмыс. Сіздерге қоғамдық тәртіпті қорғау, азаматтардың құқықтарымен бостандықтарын қамтамасыз ету және қылмыспен күрес, оның алдын алу бойынша күрделі міндеттер жүктеледі. Сіздер күнделікті қызметтеріңізде адамдармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелерін шешуге атсалысасыздар. Халық көп жағдайда биліктің демократиялылығы мен пәрменділігін сіздердің іс-әрекеттеріңізге қарап бағалайды.

Қазақстандық полиция өзінің құрылған күнінен бастап ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша алға қойған міндеттерін табысты жүзеге асырып келеді.

Осынау ортақ іске аудандық ішкі істер бөлімінің ұжымы да елеулі үлес қосуда. Оларды әрқашан жоғары кәсіби шеберлік пен өз ісіне деген адалдық ерекшелеп тұрады. Мен сіздердің кәсіптеріңіздің



қаншалықты қиын, тіпті кей жағдайларда аса қауіпті де екендігін жақсы білемін. Сондықтан да мемлекет те, жергілікті билік органдары да сіздердің еңбектеріңізге қолайлы орта туғызу үшін, материалдық-техникалық базасын жақсарту үшін барлық жағдайды жасап келеді. Сондықтан сіздердің тараптарыңыздан да тиісті еңбек пен лайықты жауапты күтуге құқым бар. Сіздердің жұмыстарыңыздың нәтижесі де, қоғамдағы абырой-беделдеріңіз де осыған байланысты болмақ.

Баршаңызды кәсіби мерекелеріңізбен құттықтап, мінсіз қызметтеріңіз үшін зор алғысымды білдіремін. Сіздерге және барлық туған-туысқандарыңызға мықты денсаулық, ырыс пен береке және еңбекте толағай табыс тілеймін.

СИНЯЗОВ КАНАТ ТЮЛЮКАНОВИЧ, Бородулиха АІІБ бастығы, полиция полковнигі

АЙЖАННЫҢ МАМАНДЫҒЫ - ОНЫҢ МАҚТАНЫШЫ!

Мамандық - дегеніміз не деген сұраққа әркім әрқалай жауап береді. Бірі өзінің жарқын ісі десе, кейбіреуі ақша табудың жарқын көзі деп біледі. Сол мамандық үшін оқып, сол жолда тер төгеді. Ал менің түсінігімше, мамандық деген - әрбір адамның болашағы, сондай-ақ шаруашылық көзі болып табылатын, сүйікті іс санаймын. Мамандық таңдау үлкен жауапкершілікті талап етеді. Әлемде көптеген адамдар мамандықтарын ауыстырып, қайтадан өз мамандықтарына оралатын көрінеді.

Сонымен қатар әр мамандықтың ерекшеліктері де бар. Ізгі мамандықтардың бірден бірі - мұғалім дер едік. Ұстаз баланы кішкентайынан тәрбиелеп, білімнің көзін ашып, оқытып, еліне еңбегі сіңер үлкен азамат етсе, ал, адам жанының арашасы ол әрине ақ халатты абзал жандар – дәрігерлер. Олар ауырған жаныңның тәнін ғана емес, ішкі жан дүниесін де емдейді емес пе...

Ендеше, осы мамандықты кішкентайынан арман етіп, талай жылдар медицина саласында білім алып, қазір жас та болса ауданымыздың мақтанышы Бүданова Айжан Амангелдіқызы жайында сөз етпекпіз. Айжан қарындасымыз 2010 жылы Семей мемлекеттік

медициналық академиясын бітіріп, Бородулиха ауданына қарасты Новопокровка ауылдық округіне «Дипломмен ауылға» атты бағдарламасымен дәрігер болып қызметке орналасады. Айта кететіні, сол кездерде ауылдарда дәрігер мамандығы бойынша қызметтер тапшылық еді. Осы мән-жайды көре сала Бүданова Айжан белін бекем буып, ауылдағы сырқат, науқас жандарды емдеуге бар оқыған тәжірибесімен бөлісіп, іске бірден кіріседі. Тек медицина бөлімінде отырмай ауылмен жете танысу үшін, сондай-ақ ең басты мақсаты медицина бөліміне жете алмаған кішкентай балалардан бастап, еңкейген қарт, науқас жандарға қол ұшын созып, көмек көрсетуге әрдайым әзір болатын.

– Бір адам сырқаттанса түн ұйқысын төрт бөліп, күн демей, түн демей бірден жедел жәрдем көрсетуге асығатын ақ халатты абзал жан - деп мақтанышпен айтады ауыл тұрғындары. Бес жылдың ішінде Айжан өз ісіне берік, жұмысына адал қызмет ететінін ауыл жұртшылығына дәлелдеді. Сондай-ақ, тек Новопокровка ауылына ғана емес, Сарноғай, Арбузовка ауылдарындағы сырқат адамдарға қол ұшын созып, көмек көрсетеді. Жас болса да қиындыққа мойымай, өз саласында таптырмас жан екенін ауыл тұрғындарына дәлелдеп, ауыл тұрғындарының ризашылығымен алғысын былай қойып, сондай-ақ аудандық аурухана басшысының қолынан өзінің қажырлы еңбегі үшін көптеген «алғыс хаттарын» алған абзал жан.

Халықты тек емдеп қоймай, сонымен қатар 2010-2015 жылдар аралығында Семей, елордамыз Астана қалаларына барып, дәріс алып, өз тәжірибесін кеңейтіп қайтқан. Айжан қарындасымыз жайында айта берсек әрине сөз көп, бір айтатыным осы ақ халатты абзал жан кезінде Гиппократқа босқа ант бермегені көңілді көншітеді деп өз сөзімді түйіндегім келіп отыр... Осындай өз ісін жақсы көріп, абыроймен атқаратын ақ халатты дәрігерлеріміз көп болса, келешек ұрпақ пен біздер салауатты өмір салтымен күй кешетініміз сөзсіз...

Ә. СҰЛТАНОВ



МЕРЕЙТОЙ МЕРЕЙІ

Бородулиха ауданын көп жылдар бойы басқарған тәжірибелі де ардақты, зор тұлғалы азаматымыз БОЛАТ САПОРҰЛЫ САПОРОВ 17 маусымда мерейлі 75 жасқа толып отыр. Құрметті Болат Сапорұлы! Мерейтойыңыз құтты болсын! Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, мол бақыт тілей отырып, ауданның және облыстың көркеюіне жұмсалған көп жылғы еңбегіңізге зор ризашылығымызды білдіреміз. Сіздің жанұяңызға Сізге және Сіздің әулетіңізге, балаларыңызға немере-шөберелеріңізге бақ – береке, молшылық, жақсылық, тілейміз!

«Аудан тынысы» ұжымы Біз төменде бүгінгі мерейтой иесі, бірнеше кітаптың авторы Болат Сапорұлы Сапоровтың «Таза ар - әділет жолы» кітабындағы өмір жолдарын «Аудан тынысы» оқырмандарына ұсынамыз.

Уақыт өткен сайын жүйріктің желісімен мен де жетпіс деген жасыңызды желкелеп қалғанымды білмей қалдым. Ойласам аз да , көпте ғұмыр емес. Қаршадай күнімнен еңбекпен есейдім. Соғысқа кеткен әкемнің орнын білдірмей асыл анам, күнді күн, түнді түн демей қара жұмысқа шегіле жүріп Мұрат, Марат есімді ағаларымды, мені жеткізді. Бәрімізде ер жеттік, білім алдық. Ат жалын тартып мінгеннен кейін халқымызға адал еңбек етуді мұрат еттік. Еңбектендік те. Абырой –

аттақа ие болдық. Әке-ана деген есім атына кір келтірмедік.

Өмір деген үлкен ұғымның қуанышымен қатар өкініші де жүретінін қайтерсіз? Абырой таудай ағадан менің ғана емес ел ағасы атанған Мұрат, одан кейін еңбекпен көзін ашқан Марат ағаларым ерте көз жұмды. Екеуі де саялы бағым, асыл жағам еді. Сонау он жетінші ғасырда өмір сүрген Шал ақын: «Жақсы ағаңыз бар болса , алдында сары белмен тең» - дегендейін асқар белім бола

білді. Амал не дейсің, Бір Жаратушының маңдайға жазған жазуына қайранның жоқ.

Ерлікке де, өрлікке де, сабырлылыққа да, даналыққа да жетелейтін, тәрбиелейтін елің. Тек соның жетегіне жүріп, көңілінен шыға білу кім кімнің де асыл арманы. Сөйткен елім көтерді, қолыма тізгін ұстатты. Олардың сенімімен шығу үшін мен де аянып көрмедім. Қалтқысыз қызмет көрсеттім деп ойлаймын.

Қазақтың бір қара өлеңінде: «Ғұмырдың көбі өтіп, азы қалды» - дегендей біршама жерді, көкорай белдерді артқа қалдырдық. Немере сүйіп отырған жаймыз бар. Артқа көз тастап, көп ойланыстан кейін өмір жолымды қағаз бетіне түсіруге бел будым.

Өткен жылы ардақты ағам Мұрат жайында көлемді кітап шығардым. Оның үлкен бөлігі ол кісімен қызметтес болған достарының, тәрбиесін алғандардың жылы лебіздерінен тұрады. Әкем, анам, туыстарым жайында да әңгіме қозғалмай қалған жоқ. Қозғалды. Дегенмен, бір құрсақта тебісіп, бір анадан туғаныңмен әркімнің өз жолы, өз өмірі бар ғой. Олардың бір-біріне ұқсас болуы мүлде мүмкін емес. Сондықтан қолыма қалам алдым. Ең жоқ дегенде ұрпағыма жазған хатым болар. Мені білген, тәрбиемді алған бауырларым мен тәрбиесін алған ағаларым, балалық кезден, есейе келе еңбек жолында жүргенде табысқан қалың достарым оқыр деген үмітпен, тек шындыққа жүгініп қалың ой тұңғиығына жол тарттым.

ЕРІКТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ

Қазіргі уақытта ерікті зейнетақы жарналары аса танымал бола қойған жоқ. 2015 жылғы 1 мамырда БЖЗҚ-дағы ерікті зейнетақы жарналары туралы шарттардың саны 40 мың бірліктен аз ғана көбірек болды. Бұл өзіңіздің зейнетақы капиталыңызды айтарлықтай толтыруға мүмкіндік беретін әдістердің бірі. БЖЗҚ сайтында орналасқан зейнетақы калькуляторы бүгіннің өзінде болашақ зейнетақының болжамды мөлшерін есептеуге мүмкіндік береді және үнемі салынып отырған ең төмен көлемдегі ерікті зейнетақы жарнасының өзі зейнетақы жинағын айтарлықтай өсіруге себеп болатынын айқын көрсетеді. Оның үстіне өз пайдасы үшін салған ерікті зейнетақы жарналарының сомалары БЖЗҚ-ға аударылған кезде салық салудан босатылады.

Ерікті зейнетақы жарналары деген не?

Бұл салымшының зейнетақы төлемін алушының пайдасы үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорына (ЕЖЗҚ) өз еркімен салатын ақшасы. Ерікті зейнетақы жарналары Қазақстан Республикасының заңнамасымен және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартпен реттеледі.

ЕЗЖ артықшылықтары:

- ЕЗЖ-ны 3-тұлғаның пайдасына салуға болады, ол өз балаларыңыз бен жақындарыңыз үшін бүгіннен бастап зейнетақы капиталын қалыптастыруды бастай алатыныңызды білдіреді;

- салынатын жарналардың мөлшері мен кезеңділігіне шектеу жоқ, бұл мәселелер шарт жасау кезінде келісіледі;

- салым аз мөлшерде жасалып отырған болса, зейнетке шығар сәт жақындаған кезде біршама үстеме алуға болады;

- МЗЖ-мен салыстырғанда, ЕЗЖ-ны бірақ, яғни белгіленген инвестициялық кірісімен бірге бүкіл соманы түгелдей алуға болады.

Кім ЕЗЖ салымшысы бола алады және оларды кімнің пайдасына салуға болады?

Жеке тұлғалар да, заңды тұлғалар да ерікті зейнетақы жарналарының салымшысы бола алады. Жеке тұлға – салымшылар ЕЗЖ салуды жеке қаражаты есебінен өз пайдасы үшін, сондай-ақ үшінші тұлғалардың (мысалы, табысы аз немесе жұмыс істемейтін туғандары мен жақындарының) пайдасына сала алады. Сонымен қатар ЕЗЖ-ны үшінші тұлғалардың пайдасына салуды жұмыс берушінің қаражаты есебінен заңды тұлғалар да (жұмыс беруші өз жұмыскерлерінің пайдасына) жүзеге асыра алады.

Ерікті зейнетақы жарналарын төлеу үшін салымшы БЖЗҚ-ны және (немесе) ЕЖЗҚ-ны (ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары тиісті лицензия алған соң) таңдау құқығына ие.

ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты БЖЗҚ кеңсесіне өзіңіз келіп, болмаса сенім білдірілген немесе заңды өкіліңіз арқылы жасауға болады.

ЕЗЖ төлеу кезеңділігі мен мөлшері қандай?

Ерікті зейнетақы жарналарының мөлшері, оларды төлеу және зейнетақы төлемдерін жасау тәртібі зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт тараптарының келісімімен тағайындалады.

Ерікті зейнетақы жарналары Қазақстан Республикасының

ұлттық валютасымен төленеді.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 166-бабына сәйкес, өз пайдасына салынған ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа отырған салымшы салық шегеріміне құқылы. Салық шегерімінің мөлшері өз пайдасы үшін енгізген ЕЗЖ сомасына тең (басқаша айтқанда, жеке зейнетақы шотына ЕЗЖ есебінен аударылған сомаға салық салынбайды). Салық шегеріміне құқыққа ие болу үшін салымшы өз жұмыс берушісіне зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың көшірмесін және ЕЗЖ төленгенін растайтын құжатты тапсыруы керек.

Шарт жасасу үшін қандай құжаттар қажет?

Өз пайдасы үшін енгізілген ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасу.

Егер салымшы ЕЗЖ-ны өз пайдасына салуды жо-спарласа, онда БЖЗҚ-мен шарт жасасу үшін оған жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқа) ұсыну қажет.

Үшінші тұлғаның пайдасы үшін енгізілген ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасу.

Үшінші тұлғаның пайдасына шарт жасасу үшін жеке тұлға – салымшы мен алушы жеке бастарын куәландыратын құжаттарын (түпнұсқа) ұсынады; Үшінші тұлғаның пайдасына шарт жасасу үшін заңды тұлға – салымшы төмендегі құжаттарды тапсырады:

1)құрылтай шарттың немесе заңды тұлға жарғысының және мемлекеттік лицензияның (егер қызметке лицензия берілген болса) нотариат куәландырған көшірмесі;

2)заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы анықтаманың немесе куәліктің нотариат БСН көрсете отырып куәландырған көшірмесі;

3)заңды тұлғаның басшысын тағайындау туралы құжаттың түпнұсқасы;

4)заңды тұлғаның атынан шартқа қол қою жөніндегі өкілеттік көрсетілген заңды тұлға сенімхатының түпнұсқасы (бар болса);

5)заңды тұлғаның атынан шартқа қол қою өкілеттігі берілген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы;

6)заңды тұлға құрылтайшыларының жеке бастарын куәландыратын құжаттардың заңды тұлға куәландырған көшірмелері (шаруашылық серіктестік қатысушыларының тізілімін жүргізуді тіркеуші жүзеге асыратын акционерлік қоғамдардың, сондай-ақ шаруашылық серіктестіктер құрылтайшыларының құжаттарын қоспағанда);

7)заңды тұлғаның банктік деректемелері (бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН), банктік сәйкестендіру коды (БСК), жеке сәйкестендіру коды (ЖСК), бенефициар коды (БеК).

Заңды тұлға құрылтайшыларының жеке бастарын куәландыратын құжаттардың көшірмелері жеңіл оқылатын, тігілген, нөмірленген және лауазымды тұлғаның қолымен және заңды тұлғаның мөрімен бекітілген болуы керек.

Алушы жеке басын куәландыратын құжатын (түпнұсқа) тапсырады.

Толық ақпаратты анықтама беруге арналған 8 800 080 1177 немесе 1414 телефондары арқылы алуға болады. Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін. www.enpf.kz

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі Красный Яр ауылы Ленин көшесі, 40, тел.: 8 (72353) 2-05-34 «Красный Яр орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директоры азаматтық қызметкері лауазымының бас жұмыс орнына конкурс жариялайды.

Біліктілік талаптары: жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім (педагогикалық немесе бейіні бойынша); педагогикалық қызмет өтілі 5 жылдан кем емес немесе білім беру ұйымдарындағы немесе бейіні сәйкес білім беру ұйымдарында басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес; бірінші немесе жоғары біліктілік санатының болуы; педагогикалық саладағы әкімшілік қызмет өтілі 3 жылдан кем емес немесе білім беру ұйымдарына бейіні сәйкес ұйымдардағы басшылық лауазымдағы немесе білім беру ұйымдарындағы жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес; облыстық білім басқармасының кандидатпен келісімінің болуы; сотталмағандығы.

Лауазымдық міндеттері: Мектеп жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, білім беру ұйымы қызметін басқарады. Педагогикалық және әдістемелік кеңеспен бірлесе білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын іске асыруды ұйымдастырады. Жалпыға міндетті оқу заңнамаларына сәйкес, бекітілген учаске бойынша балаларды жалпыға міндетті білім берумен қамтамасыз етеді.

Лауазымдық ақысының мөлшері: 81 627 теңгеден 90 254 теңгеге дейін.

Конкурсты өткізу орны: 2015 жылғы 16 шілде; ШҚО, Бородулиха ауылы, Түсібжанов көшесі, 39, «ШҚО Бородулиха ауданының білім бөлімі» ММ.

Конкурсқа қатысуға өтініштерді беру уақыты мен қабылдау орны:

Конкурсқа қатысу туралы өтініш аудандық «Аудан тынысы» газетінде хабарландыру жарияланғаннан кейін 15 жұмыс күн ішінде 070400, ШҚО, Бородулиха ауылы, Түсібжанов көшесі, 39, мекен жайы бойынша қабылданады. Анықтама тел.: 2-19-77, 2-15-15.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттардың тізімі:

1) тіркелген мекен жайын, қазіргі уақыттағы тұрғылықты жерін, байланыс телефондарын көрсете отырып Конкурстық комиссияның төрайымы атына өтініш;

2) жеке куәлігінің көшірмесі;

3) білімі туралы қожатының көшірмесі;

4) еңбек кітапшасының көшірмесі;

5) кадрлар есебі жөніндегі жеке іс қағазы, суретімен;

6) мадақтамаларын және жазаларын көрсете отырып алдыңғы жұмыс орнынан мінездеме,

7) біліктілік санатын немесе ғылыми атағын растайтын құжаттың көшірмесі;

8) медициналық тексерістен өткендігі туралы құжат;

9) сотталмағандығы туралы анықтама;

Конкурсқа қатысуға ұсынылатын құжаттардың көшірмесі нотариуспен немесе жұмыс орнының кадрлық қызметімен расталады.

Анықтамалық ақпараттар үшін байланыс телефондары мен эл. пошта: 2-19-77, 2-18-15; boroduliha_edu@mail.ru

Н.КӨКШЕБАЕВА, білім бөлімінің басшысы

АУДАН АЙНАСЫ

АНТЫНА БЕРІК АБЗАЛ ЖАНДАР ОҚҚА КЕУДЕСІН ТОСҚАН БАТЫРЛАР

21 маусым медицина қызметкерлері күні. Сіздердің кәсіптік мерекелеріңіз. Адам өмірін ұзартуға септігін тигізіп, ажалдан арашалаушы дәрігер мамандығын халқымыз ежелден қастерлеп, құрметтеген.

Әр адам өз өмір жолында ақ халатты абзал жандармен кездесіп, олардың ыстық ықыласы мен алақандарын сезінеді. Бұның бәрін «Ақ халатты абзал жандар» ғана бере алады. Олардың көмегімен тоқтаған жүрек қайта соғып, үмітімізді жалғап өмірге деген құлшынысымызды арттырады.

Олар аянбай тер төгіп, әр адамның өмірі үшін қолдан келгенін аямайды. Әр науқастың жанына желеу болып, ауруға қарсы тұрып, саулығын қалыптастырып қана қоймай, адам бойына өмірлік күш-қуат беріп, «Гиппократ антын» өзінің өмірлік кредосы ретінде қабылдап, қоғамның басты байлығы саналатын адам өмірінің сақшысы бола білген дәрігерлердің ерен еңбегі, атқарған істері, әрқашанда халықтың көңілінен шығады. Сондай адамзат баласы ерекше қадір тұтатын мамандық иелері Айкен апайымыз, Айсара және Жанар апайларымыз туралы айтқым келіп отыр.

Аудан оралығынан шалғай жатқан Зубаир ауылдық округіне қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан округтің жедел жәрдем фельдшерлері Тілеуғали Айсара, Айтпекқызы Жанар және Байтанат ауылына талай жылдар бойы еңбегі сіңген фельдшер Аубакирова Айкен апайларымыз жергілікті тұрғындарға дәрігерлік көмек көрсетуде өзінің білімі мен біліктілігін, тәжірибелі маман екендерін бірнеше мәрте дәлелдеді. Осы қызметтің негізгі



бағыты - ауыл тұрғындарының амандығын қамтамасыз етіп, денсаулық саласындағы Елбасы Жолдауында ерекше аталған тапсырмаларды жүзеге асыруға аянбай еңбек ету қажеттігін толық мойындайды. Ауыл фельдшерлерінің күнделікті жұмысында қиыншылықтар да кездесіп жатады. Тіпті, дәрі-дәрмектерді аудан орталығынан өздері барып әкеледі. Адам жанының арашасы деп тегін айтылмаса керек, ауылдағы еңбек адамы, мектеп жасындағы балалар мен жас сәбилерді, зейнеткерлерді үнемі өз бақылауында ұстайды. Әрбір науқастанып қалған адамды шипалы қолдарымен уақытында емдеп, дендеріне саулық сыйлап, жан дауасын тауып жүрген осы қарапайым ауыл дәрігерлері.

Денсаулық - адам үшін баға жетпес байлық. Бұл күн құрмет пен алғысқа бөленген, Гиппократ антын қабылдап, ақ кезде болмасын әрдайым сенімділікті сақтайтын, қасқан шеберліктің иесі ақ халатты абзал жандардың мерекесі.

Өмір жолын денсаулық саласымен ұштастырып, бүгінде халыққа алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуде ауыл тұрғындарының алғысына бөленіп жүрген ақ халатты абзал жандарды кәсіби мерекелерімен құттықтаймыз! Медицина кәсібі - адамгершіліктің асылы, сондықтан барлық медицина қызметкерлеріне бақыт, еңбекте табыс, төзімділік пен күш қайрат және отбасыларына береке тілейміз.

Т.ҚАЛИБАЕВ

ӘЙЕЛ БАРДА ӘЛЕМ БАР

Қазақ аруларыда ерте заманда тек отбасының жағдайын ғана жасап қоймай, дәстүрлі мәдениеттің бесігін тербетіп, рулы елдің қамын жейтін ел анасы деңгейіне көтеріле білген. Бүгінгі таңда әйелдер ер адамдармен бірге тізе қосып, елімізді көркейту мақсатында ерен еңбек етуде. Бүгінгі күні әйелдің барлық салада қызмет етуі заман өзгерісіне орай заңды құбылыс.

XX ғасырдың басында қазақ жерінде жаңа қоғамдық қозғалыс пайда болды. Қоғамдағы әйелдің рөлін айқындайтын алғашқы тұжырымдамалар 1917 жылы Орынборда өткен Алаш Орданың конференциясында қабылданды. Олар: әйелдер мен ерлердің саяси құқықтары тең болуы керек; әйелдер өздеріне серігін таңдауға ерікті; неке екі жақтың келісуімен қиылады; әйелі келісім бермесе, екінші әйел алуға болмайды.

Бұл әйел адамның өзін-өзі дамытып, қоғамдық-саяси өмірге белсене араласып, шығармашылық айқындалуына жол ашты. Еліміз тәуелсіздігін алып, тұғырымыз биіктеген тұста мемлекет басшысы: «...тәуелсіз Қазақстан әйелдерінің саяси және экономикалық мәртебесін арттыру – уақыт талабы, бұл мақсатқа жету менің ұдайы назарымда» деген еді. Қазақстан 1998 жылы БҰҰ-ның Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенциясына қосылды. Ал 2005 жылы 29 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің №1677 Жарлығымен 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы бекітілді. Бұл стратегияны жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы «Отбасы және гендерлік саясат» жөніндегі комиссиясы жемісті қызмет етуде. Бүгінгі Қазақстан халқының басым бөлігі әйелдер. Әйелдер отбасының иесі ғана емес, мемлекеттік қызметте де, бизнесте де, денсаулық сақтау, білім беру жүйелерінде, тіпті тауысып болмайтын өмірдің барлық саласында белсенді еңбек етіп жүр. Ананы мадақтау – адамгершілікті мадақтау. «Ерлер көктен түскен жоқ, әйел – оның анасы» дегендей, жаны жайсаң, көңілі дархан, дос дегенде ішкен асын жерге қоятын ақкөңіл, кеудесін елі үшін оққа тосатын батыр ерлер ананың тәрбиесінен шыққан, соның аялы алақанының жылуын, жанарының мейірімін көріп өскен. Ел қамын ойлап, дархан даланы дүбірлетіп өткен, тарих көшін батырлығымен, мәрттігімен әрлендірген Абылайлар мен Исатайлар, Махамбеттер мен Амангелділер де анадан туды ғой. Өткір тілді, ұтқыр сөзді, найзадай жарқылдаған билер менен шешендер де ана көрегендігінің кәусар бұлағынан сусындады.

Қазіргі қазақ әйелі қоғамның барлық салаларында еңбек етуде.

(жалғасы 8-ші бетте)

ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР



Виталий 2010 жылы Жаңашұлбі облыстық балалар үйінде тәрбиеленіп В.Комаров орта мектебін бітіріп шығып, Өскемен қаласындағы С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-ға шет тілін оқыту факультетіне оқуға түседі. Жоғарғы оқу орнында оқып жүріп, өзінің болашақ жары Викториямен танысып, отбасын құрады. 2014 жылы жоғарғы оқу орнын тәмамдап тамыз айында Виталий мен Виктория Лагустер отбасы Өскемен қаласынан Бородулиха ауданының орталығына көшіп



келіп, жұмысқа орналасады. Елімізде жастар үшін жақсы жағдай жасалған. Елбасының өзі оған үлкен көңіл бөліп отыр.

Виталий мемлекеттік және басақа да тілдерді оқыту орталығына ағылшын пәнінің оқытушысы болып жұмысқа тұрады, ал Виктория Бородулиха Жалпы білім беретін қазақ орта мектебінде орыс тілі пәнінің мұғалімі болып жұмысқа қабылданады. Өздерін жақсы жағынан көрсеткен жас отбасы көптеген жастарға үлгі бола білді. Аудан өміріне аса бір белсенділікпен, ынта жігермен араласып, «Жас Отан» жастар қанаты, жастар орталығымен бірлесіп жұмыс істейді. Елгезек жігіт жуырда аудандық «Нұр Отан» партиясының мүшесі болып қабылданды. Виталий әрбір жастың болашақта өз отанының патриоты болатынына үлкен сеніммен қарайтынын, жастардың ұйымшылдықпен еңбек етсе, алынбайтын қамал жоқ екенін жастарға уағыздап жүр.

Мемлекетіміздегі үш тұғырлы тілдің өрбуіне өз үлесін қосып отырған жас маман Виталий әрбір адамның шет тілін меңгеруі - өміріндегі жеткен жетістігінің бірі деп білуі тиіс екенін айтады. Жас отбасы келешекте аудан орталығындағы жөнделіп жатқан көп қабатты үйден үй алсақ деп болашаққа зор үмітпен қарайды.

Т.МҰХАМЕТХАНҰЛЫ

СЕРІК ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ (Басы өткен санда)

Жанғазыға ағайын болып келетін Әбдірахман атамыз батырдың өмірін, ерлігін зерттеп, мақалалар жазып үлкен үлес қосты. Әбдірахман Өміржанов 1963-1968 жылдар ішінде 1943 жылдың 23 қазанында Украинаның Елизарово селосынан үш шақырым жердегі, Чернопаровка маңындағы 167,2 биіктікке орналасқан жауға шабуыл кезінде көзсіз ерлік жасаған 39-шы гвардиялық атқыштар дивизиясы, 120-шы полкінің екінші ротасының командірі Жанғазы Молдағалиев туралы 495 беттік құжаттар жинап, жария еткен. Зерделі жандардың көп жыл қадағалап ізденуінің нәтижесінде қазақстандық матросовшылардың саны көбейе түсті.

Кейінірек Тоқтар Бейісқұлов жинаған деректерінің ауқымын кеңейте келе, «Кеудесін оққа тосып...» деген екі баспа табаққа жуық кітапшасында қос Шығысқазақстандық: шарлық Петр Карелин, аяғездік Сабалақ Оразалинов және Максим Южаков, Григорий Постольников, Иван Скуридин, Александр Васильев, Әбілқасым Арғынбаевтардың есімдерін анықтап, Матросовтың ерлігін қайталған қазақстандықтар санын 15 адамға жеткізеді.

Осы ұрысқа көтеру кезінде жаудың жасырын дзоты кенеттен оқ жаудырып қоя береді де, шабуылға көтерілген жауынгерлер еш қалқасы жоқ жерге жабысып бас қорғалауға мәжбүр болады. Осы ұрыстағы жеңіс тек осы дзоттың көзін жойғанда ғана келеді. Ал, бас сауғалар бұталарға дейін 30 қадам бар еді. Жер бауырлай жылжыған қазақ сарбазы әуелі қолындағы екі гранатасының бірін дзот аузына лақтырғанымен аз-кем үнсіз қалған жау оқжауары (пулеметі) қайыра ажал төкті. Оқ тиген сол қол сырқырап барады, екінші гранатадан қайыр болмады. Бар амал кеудемен оны жабу ғана. Сабалақ орнынан тіке көтеріліп кеудесімен дзотты жапты. Дүние тым-тырыс күй кешті. Батыр ештеңені сезінбеді. Абырап қалған жау оқжауыштарының көзін автоматпен Алексей Кузнецов құртты. Кедергіден құтылған рота атақаға көтерілді.

РФ Қорғаныс Министрлігінің мұрағатында қазақ жігітінің ерлігі көптеген жауынгерлердің ерлігін, өмірін сақтап, оның майдандас серіктері жаудың 200 жауынгерінің көзін құртып, екі бірдей елді мекенді азат етті деп жазылған.

Атамыздың денесін санитарлар тауып алса, рота писары оны өлдіге санап, аралдағы бауырластар зиратына есімін ойып жазады.

Жылдар өткен соң, медкызметтің доғарыстағы аға лейтенанты А. Афанасьева (Пушкова) ханым Александр Матросовтың ерлігін қайталаған еңсегей денелі жігіттің медсанбатқа әкелген кезде тамыры бүлкілдеп соғып жатқанын аңғарып, өмірін ажалдан арашалап қалу үшін барын салғанын еске алып, өз бетімен іздеу салады. Дәргерлердің жанталасы босқа кетпей атамыз ажалды жеңіп шығады. Қанның көп кетуі әрі жарақаттың ауырлығынан Сабалақ ұзақ емделді. Ал, ол құрамында соғысқан рота Берлинді бетке ұстап, батыр сарбазын мүлдем естен шығарды.

(жалғасы келесі санда)

АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Мектеп оқушылары жаз айларын ерекше ықыласпен күтеді. Жыл бойы әр тоқсан сайын оқушыларға

демалыстар беріліп отырса да, олардың жаз кезіндегі демалысқа жетпейтіні сөзсіз. Сол себепті жазғы демалыс мектеп оқушыларының жалпы физиологиялық, сана-сезімдік, дүниетанымдық тұрғыдан даму, жетілу кезеңі болып саналады. Бастауыш және орта буын сыныптарының балалары үшін бұл уақыт – табиғатпен ерекше үндестік тауып, дүниетаным аясын кеңітетін, көзқарас қалыптастырып, жаңа нәрселерді үйренуге ықыласы артатын тамаша мезгіл.

Осыған орай, Жалпы білім беретін Бородулиха қазақ орта мектебінде кешенді жұмыстар жолға қойылған. Мектеп жанындағы лагерьде демалып жатқан балалар жыл бойғы сабақтардан босап, өзін қызықтыратын іспен айналысуға мол мүмкіндік алып отыр. Тәрбиеші-ұстаздар да балалардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру үшін оларға бағыт беруден, үйретуден жалыққан емес. Бұл кезде ұстаздар оқушылардың бос уақыты дене және ақыл-ой қызметін тынықтыра отырып, қарым-қуатты жетілдіретін іс-әрекеттерге жұмсалы керектігін естен шығарған емес. Сондықтан да, 9 маусым күні лагерьдегі балалар Семей қаласына саяхаттап барып қайтты.

Балалардың жазғы демалысын қызықты өткізуге ықпал ету және олардың танымдық деңгейін көтеру осы саяхаттың басты мақсаты болды. Саяхатқа аттанған тұрмысы төмен отбасылардан шыққан 25 бала тегін қамтамасыз етілді. Бұл істен мектеп директоры Самал Қажығалиқызы Жақсылықова да сырт қалмады. Білгір басшы осы саяхатқа қаржы жағынан көмек



МЕНИНГОКОКК ЖҰҚПАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРТТАРЫ

Менингококк жұқпасы – ағымы ауыр және жаппай таралуымен ерекшеленетін ауру, емді дер кезінде қабылдамаған жағдайда жағымсыз нәтижеге әкеп соғуы мүмкін.

Жыл сайын облыс бойынша 45-55 адам әр түрлі этиологиялы менингит түріне күдікті болып ауруханаға жатқызылады. 2015 жылдың 5 айында облыс бойынша менингококк жұқпасымен 5 жағдай тіркелген, соның ішінде 14 жасқа дейінгі балалар арасында 3 жағдай. Сонымен қатар республикада менингококк жұқпасы бойынша эпидемиологиялық жағдай бір қалыпта емес екендігі байқалады. Өткен жылдың іспеттес кезеңімен салыстырғанда бұл аурушаңдыққа шалдыққандардың саны 11 жағдайға дейін жеткен. Әсіресе Астана, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Манғыстау облыстарында бұл аурушаңдықтың жағдайы өршіп тұрғаны байқалады.

Жұқпаның қайнар көзі науқас адам және «сау» вирусты тасымалдаушы болып табылады. Менингококктар дені сау тұрғындардың 4%-нда анықталады. Мұндай тұлғаларда жұқпа белгісіз (сау бактерия тасымалдаушы), немесе жұқтырудың қайнар көзі болып саналатын назофарингит түрінде жүреді. Менингококк жұқпасының бактерия тасымалдаушының орташа ұзақтығы 2-3 апта, жекеше түрде 6 аптаға дейін және оданда көп уақытқа жалғасуы мүмкін (жұтқыншақта созылмалы аурушаңдықтың ошақ белгілері кездескен жағдайда).

Адамдар көп жиналған кезде ауа тамшылы жол арқылы да таралуы мүмкін. Әсіресе жиі ашық суқоймаларда шомылған кезде жұғылады. Ауруға әр түрлі жас шамасындағы адамдар, дегенмен көбінесе балалар шалдығады. Әсіресе жазғы-күзгі маусымдық кезеңде аса көрініс табады. Сірнелі менингит қатты жанға батып, жоғары безгектен басталады. 1-2 күні: аса қатты бас ауырады, құса бастайсыз, кей кездері ұйқыңыз келіп, әлсіздікті сезінесіз, анда-санда қозасыз және сергектікті сезінесіз. Жөтелдің пайда болуы, тұмауланып, тамағыңызбен ішіңіз де ауруы мүмкін. Осыған байланысты менингитке күдік туған науқасты

көрсетіп, балалардың Семей қаласындағы бір күндік демалысының жақсы өтуіне өлшеусіз үлес қосты.

